

«СӘЛЕМДЕСУ/ҚОШТАСУ» ҮЛГІЛЕРІНІҢ ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

МЕДЕТБЕКОВА П.Т. (филол.ғ.к., аға оқыт.)

Алматы қ-сы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

medet_73@mail.ru

В статье рассматриваются вербальные приемы форм приветствий/прощаний в обучение языку.

The article deals with verbal approaches of samples of “greeting/farewell” in the Kazakh & Russian languages.

«Тіл» - қарым-қатынас құралы болғандықтан, қатынастың негізгі бастамасы, жылы сәлемдесуден басталып, дұрыс қоштасумен жалғасын тауып жатады. Қай тілде болмасын бір мағынаны немесе ойды білдіретін сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің түрлі нұсқалары орын алып жататыны қалыпты жағдай. Бір сөзбен айтқанда, бұл әр тілдің сөздік қорының, яғни лексикалық қорының байлығына, тарихына, мәдениаралық қатынасына байланысты болуы әбден мүмкін.

Екінші тілді үйретуде «сәлемдесу – қоштасу» үлгілеріне ерекше тоқталып, сол тілді үйрену, саналы түрде меңгеру барысында алатын орны ерекше екенін атап өтуді де қажет етеді.

Қазақта «Сәлемдесу – сөз басы», «Сәлем – сөз анасы», т.б. сәлемдесуге қатысты әдемі де, тәрбиелік мағынасы зор қанатты сөздер қатарын тізбектеп атап өтуге болады. Қазақ халқында ғана емес, жалпы түркі тілдес халықтарының бәрінде десек те болар, жылы сәлемдесуден басталған қатынас, әрі қарай дұрыс жалғасын тауып, қарым-қатынас жасаудың негізі боларын болмысынан жақсы біледі және соған дағдылы түрде тәрбиеленеді.

Мақала «сәлемдесу/қоштасу» үлгілеріне арналған, атап өту керек, қазақта «Ұянда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал да тақырыптың бастапқы мағынасын кеңінен ашып тұрғандай. Қазақ халқында сәлемдесудің бірнеше түрі бар. Алайда олардың бәрінде де, жасы кішілер жасы үлкендерге бірінші сәлем береді. Әдетте, сәлемдескенде қол алысады. Онда адамдар алақандарын бір-біріне түйістіріп ұстайды. Ол мұсылман танымында – «мусафих» деп аталады. Қол алысқанда саусақтың ұшын беріп сәлемдесу – әдепсіздік. Жасы үлкен, кіші болсын, көп адам жиналған жерге келген кісі ең бірінші көпшілікпен сәлемдеседі. Сырқат, мүгедек жанға сау адам ең бірінші сәлем бергені абзал.

Әйел адамға ер адам, бастығына қызметкері, жастар үлкенге ең бірінші сәлем береді. Амандасқанда біреуге басыңызды иіп, иығыңызды қозғап, қолыңызды көтеріп, көзіңізді қысып, ерсі әрекет жасамас болар. Егер де сәлем берген кісіңіздің құлағы естімесе, оған сәлеміңізді ымдап түсіндіруге болады. Сәлем беруде берік ұстанатын қағидалар:

1. Танысын, танымасын жасы кіші адам үлкенге сәлем бермей өтпейді.
2. Ат үстінде тұрып сәлем бермейді.
3. Атты адам жаяуға бірінші сәлем береді.

4. Танитын адамдармен сәлемдеспей, немесе сәлемін алмай өтпейді.
5. Келе жатқан адам отырған адамға сәлем береді.
6. Әкесінің, шешесінің көзін көргендерге айрықша сәлем беріп, құрмет көрсетеді, батасын алады.

7. Кешке не түнде үйге кірген адам: *«Кеш жарық!»* деп сәлемдеседі.

Міне, осындай сәлемдесудің сөзбен ғана емес, сонымен қатар ым-ишара арқылы да сәлемдесу түрі де әр халықта кездеді.

Сондай-ақ, сәлемдесуге тыйым салынатын жайлары тағы да бар. Қандай жағдайда сәлемдесуге тиым салынады? Егер де өзіңмен бірге туған апа-қарындасың, некелі әйелің болмаса, басқа әйелдермен қол алысып амандасудың қажеті жоқ. Егер де қадірлі кісімен қол алысып амандасқаннан кейін оның қолынан сүйіп, құрмет көрсетсеңіз айыбы жоқ. Туған-туысың, жолдас-достарың ұзақ сапардан қайтып оралса, әйтпесе олардың көптеген бері көрмесең қол алысып амандасып, құшақтасып көрісіп, сәлемдесуіңе болады. Солардың ішінде жас балалардың бетінен, маңдайынан сүйген айып емес. Алайда ересек адамдардың (ерлердің) бір-бірімен сүйісіп амандасуы – ерсі саналады.

Қызмет орнына, бөлмеге келген адамдармен ер адам түрегеліп амандасады.

Ата-ене күйеу баласының, келінінің маңдайына ернін тигізбейді, ал жеңгесі қайын сіңілісін, апалы-сіңілілер бір-бірін бетінен сүйіп, құшақтасып көріседі. Ислам діні адамдардың өзара сәлемдесуіне айрықша мән берген. Құран Кәрімнің Ниса сүресінің 86-аятында былай деп айтылған: «Егер сізге сәлем берілсе, сіз онан жақсырақ болмаса да, тап өзіндей етіп жауап қайтарыңыз» Қазақ халқы ежелден мұсылман бауырымыз деп бірін-бірі жақын тартып, қауышқан кездерінде жылы шыраймен амандасып, сәлемін берген кезінде сәлем алушы да ізгі ниетін асыра білдіріп жатады. Сәлемдесу мен қоштасу үлгілері ұстанатын дінге тікелей байланысты екеніне көз жеткізуге болады. Қазақ пен орыстан басқа, мысалға будда дінін қабылдаған қытай, тайланд, үндіс, малайзия халықтарының амандасуларынан вербалды және бейвербалды амалдарынан көптеген сәйкестіктерді аңғарамыз. Сол сияқты қазақ халқының қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрік – жалпы түркі халықтарымен, ал орыстың славян халықтарымен сәлемдесу/қоштасу үлгілерінің бір-бірімен байланыстылығы бар.

Бір қарағанда, *«сәлемдесу/қоштасу»* дағдылы және қарапайым сөз болып көрінуі мүмкін. Дегенмен бұл сөздерде лексикалық, әсіресе ұлттық сипат және халықтың тарихы мен оның өзге этнос, керек десеңіз дінмен қатысы бар деген ғалымдардың дәлелденген пікірлерін зерттеулерулерінен көруге болады.

Мысалы: осетин халқы бір-бірімен кездескенде *«Пусть будет добрым твой день!»* немесе армян халқының сәлемдесуінің орыс тіліндегі тікелей мағынасы – *«Добрая весть»* и *«солнце!»*.

Соңғы армян халқының сәлемдесуі екі түбірлі сөз болған. Ғасырлар бойы адамдар жүздескенде, *«Доброго солнце тебе, Добрых вестей тебе!»*, - деп, бір-біріне тілек айту арқылы сәлемдессе керек.

Ал орыс тіліндегі *сәлемдесу/қоштасу* сөздерінің лексикалық сипатына мән беріп, зерттеу жүргізген ғалым М. Крангауз бастапқы мағыналары мен қазіргі қоғамдағы қолданылу үлгілерін келтіре отырып, зерттеуге тырысқан.

Орыс тілінде *«Здравствуйте!»*, *«Добрый день!»* немесе *«Доброе утро!»* этимологиясы нақты берілген, бірақ мағынасы белгісіз сөздер де бар. Мағынасы нақты емес сөздерге тарихи талдау жүргізер болсақ, олардың түбірлерінде «вет-» жиі кездеседі. Мысалы: салтанатты немесе ресми десек те болар *«Приветствую Вас»* сөзінің мағынасы және күнделікті қолданылатын *«привет»* сөзінің мағынасы көмескі. Тарихи шығуына орай айтар болсақ, «весть» біртүбірлі. Бұл сұраққа РМГУ лингвистикалық институтының директоры М. Крангауздың жауабы өзгеше, неліктен біз сәлемдескенде белгісіз «весть» түбірін қолданамыз? Бұл орыс тіліндегі түбір кейбір сөйлеу әрекетінде «говорить» сөзіне ұқсас. Түбір орыс тіліндегі көптеген сөздерде сақталған, мысалы, «совет», «ответ», «обет», т.б. Осы тұста бар мәселе констатация туралы немесе әңгімелесушіге айтылатын сөз болса, одан да негізгісі «при-» приставкасы «при-вет» игі сөзінің семантикалық қызметін атқарады. Мұндағы айтпағымыз, «при-» приставкасы өзге сөздермен жақындасуын, мысалы «приласкать» таныстыру деп білеміз. Жалпы, орыс тіліндегі «привет» сөзі «жылы, игі» сөз деп түсінеміз. Сәлемдесудің бұл түрі қоғамымызда жаппай қолданылуда. Біз бір-бірімізбен үнемі сөзімізді сәлемдесуден бастаймыз, ал сәлемдесудің түрі өте көп, оның көп болатын тұстары түрлі жағдайға байланысты деп айтар едік, мысалы, ұлттық менталитетке байланысты, тілдік жағдаятқа байланысты, т.б. атай беруге болады. Сәлемдесеміз, қоштасамыз, бірақ қолданып отырған сөздердің мағынасына үнемі көңіл аудара бермейміз. Кейбір сөздердің мағыналары ұмытылып та жатады, кездескенде қолданатын сөздер таңба ретінде айтылады және бұл ұғым көптің этикет қолданысы болып табылады.

«Біз тілек білдіре қоштасып, ал кездескенде бәрі жақсы екенін білдіріп жатамыз», әрі бұның бәрі тілдік қолданыс арқылы жүзеге асады. Осы тұста орыс тіліндегі «Доброй ночи!» үнемі әрі ойланбастан қолданылатын сөз, сонда түн мейірімді болу керек пе?, - деген сауал сол тілді тұтынушылар арасында да туындап жатады. Осы тұста тағы да ресей ғалымы М. Крангауздың пікірін келтіре кеткен жөн.

«Да, а уж точно, когда мы говорим «здравствуй» или «здравствуйте», мы не задумываемся о здоровье собеседника. Тем более, что здесь есть разные гипотезы о происхождении этого слова. Возможно, это было не пожелание «здравствуй», как мы ощущаем это сегодня, «здравствуй» и «здравствуйте», возможно, это форма первого лица «здравствую», что собственно и означало «приветствую». А окончание стерлось в процессе употребления. Вообще, для русского языка характерно довольно четкое распределение. Пожелания выполняют роль прощания, а в качестве приветствия, как правило, используются не пожелания, а скорее констатация чего-то. Такие слова, как «привет», в частности, или «хлеб да соль», «мир вам» – в них мы видим, что используется (его трудно определить даже) либо именительный, либо винительный падеж. А в прощаниях используется родительный падеж –

«добрého пути», «счастливого пути», «спокойной ночи», то есть я желаю тебе спокойной ночи, я желаю тебе счастливого пути, или желаю тебе удачи, но «желаю» мы опускаем. Таково свойство нашей культуры, что мы прощаемся пожеланием, а при встрече мы констатируем наличие чего-то хорошего и показываем, что все хорошо. Я немножко заострил, говоря, что это свойство нашей культуры. Это не только, конечно, нашей культуры свойство. Но у нас это очень четко распределено именно благодаря падежной системе», - дейді ғалым М. Крангауз.

Сондай-ақ, «Пока!» – сөзінің толық мағынасы жоғалған. Неліктен қоштасқанда «пока» сөзі қолданылады. Бұл сөз, жеке өз алдына қолданылмайды, үнемі бір сөзбен байланыстырып қолданылады. «До тех пор, пока; пока не наступит какой-то момент» - деп бекер айтылмаса керек. Ендеше, неліктен қоштасқанда «Пока!» деп орыстар да, қазақтар да қолданады? Әрине мұндай сұрақтардың туындауы да қалыпты жағдай және бұл өз алдына зерттеуді қажет етеді.

Сәлемдесу мен қоштасудың белгілі, қалыптасқан вербалды түрлерімен бірге бейвербалды амалдары да кеңінен қолданылады. Түркі халықтарының басым көпшілігінде ер адамдар қос қолдап, төс қағыстырып амандасса, қыз балалар мен әйелдер бір-бірімен құшақтасып, сүйісіп немесе қол алысып амандасуы мүмкін. Сондай-ақ қазақ халқының әдет-ғұрпында жас келіндердің ата-ене, қайын ағалары немесе жасы үлкен кісілермен тізесін сәл бүгіп, қолын айқастырып тізесінің үстіне қойып, басын иіп сәлемдесу дәстүрі бар. Көптен көріспеген жақын, туыс адамдардың бірі екіншісінің мойнынан құшақтап немесе мойнына асылып сағынышы мен қуанышын білдіретіні белгілі. Осындай бейвербалды амалдар қыз бала не жас әйел тарапынан немесе кіші бала мен шешесі, әкесі, атасы-апасы арасында жиі кездеседі. Мұндай ишарат түрі жақын адамына еркелеу мәнін де білдіреді.

Жалпы қоғамдағы қатынас барысында қай халықтың болмасын сәлемдесу мен қоштасудағы вербалды, бейвербалды амалдарының дұрыс, орынды қолданылуы тіл тұтынушылар үшін де, тіл үйренушілер үшін де өте маңызды деп білеміз. Кез келген тілді үйрену барысында ең алдымен сәлемдесу, қоштасу түрлерінен бастайтыны да дәлел.

Осы тұста айта кету керек, қазіргі кезде ешкім осы сәлемдесу/қоштасу сөздерінің пайда болу, қалыптасу тарихына, бастапқыдағы мағынасына мән бере бермейді. Қазіргі біздің қоғамымызда екі тіл (қазақ/орыс) қатар қарым-қатынаста болғандықтан, мақаламыз осы екі тілде, қоғамымыздағы сәлемдесу/қоштасу үлгілерінің бастапқы мағынасы мен қарым-қатынас барысында қолданылуы, лексикалық сипаты, яғни вербалды, бейвербалды амалдары жайында сөз болмақ.

Амандасу үлгілеріне әсер ететін дінге, текке, салт-дәстүрге байланысты фактордан басқа, тарихи-саяси жағдайлар мен географиялық орналасулар қарқынды ықпал етеді. Я діні, я тегі еш байланыспайтын орыс және қазақ тілдеріндегі сәлемдесу/қоштасу үлгілерінің ұқсас жақтары көптеп кездеседі. Айта кетер болсақ, қазіргі біздің қоғамымызда жиі ұшырасатын сәлемдесу «Привет!» сөзі болса, қоштасу үлгісінің кеңінен тараған түрі «Пока!» сөзі

екенін аңғару қиындық туғызбайды және бұл сөздер үнемі қолданылады. Қоштасудың бұл түрін балалар да, жастар да үлкендер де, жаппай қолданады. Сонымен қатар бұл сөздер түрін орыстар ғана емес қазақтардың да жиі қолданатынын зерттеу барысында аңғарылды.

Тарихи хронологияға көз жүгіртсек, 200 жылдан астам уақыт Ресей патшалығының құзырында келіп, 1991 жылы Тәуелсіздігімізді алғаннан бастап, жоғалтқан ұлттық, рухани құндылықтарды қайта оралту барысында көптеген өзгерістер болды. Соның бірі қазақ тілінің сөздік қорын молайту барысында орыс тіліндегі сөздерді қазақ тіліне сәйкестендіріп аударып, қолданысқа енгізу үдерісі қолға алынды. Осыдан келе қазақ тіліндегі сәлемдесу үлгілеріне де өзгерістердің болуы таңғалдырмайтын жәйт. Мәселен, қазақ тіліндегі жастар арасында етек алған «Сәлем» сөзі орыс тіліндегі «Привет» үлгісіне ыңғайластырып алынған, сонымен қатар «Здравствуйте!» мен «Сәлеметсіз бе?», «Как дела?» мен «Қалайсың?» деген нұсқалары параллель түрде қаралады.

Орыс халқында жас ерекшелігіне қарамай бәрі бірдей «Привет!», «Здравствуйте!», «Как дела?» үлгілерін жаппай пайдаланса, қазақ халқында бұл амандасулардың өз орны мен тәртібі бар: «Сәлеметсіз бе?» - үлкендер арасында, «Сәлем!» - жастар арасында, «Қалайсың?» - құрдастар арасында қолданысқа ие.

Орыс тілінде «До свидания», «До встречи», «Пока», «Давай» қоштасу түрлері қолданысқа ие болса, қазақ тілінде «Кездескенше/Кездескенше, күн жақсы!» немесе «Көріскенше!/Көріскенше, күн жақсы!», «Көріскенше, аман-есен болыңыз!» қоштасу түрлері екі жақты ой туындырмайды және үнемі қолданыста, лексикалық-семантикалық жағынан да мағыналы да, ал, қоштасудың «Сау бол!» немесе «Қош бол!» түрлері мағынасына тереңірек тоқталуды қажет етеді. Бұған мысал ретінде, көптеген тілші ғалымдар немесе жасы үлкен адамдар сауалнама жүргізу барысында қоштасудың осы формаларына өзінше көзқарастарын білдіріп жатады. Сондықтан да, осы «Сау бол!», «Қош бол!» қоштасуларын осы тілді тұтынушылар арасынан жағымды, жағымсыз тұрғыда қабылдайтындар көптеп кездесіп жатса, енді бір жағынан қазақ тілін үйренуші өзге ұлт өкілдерінде де бұл жағынан өзінше сұрақтар туындап жатады: «Сау бол!/Сау болыңыз!» қоштасудың екі жағдайда қолданылады, сонымен бірге «түшкірген» кезде тілек ретінде де қоғамда үнемі қолданылатыны белгілі, мұндағы айтпағымыз, көрісетін және қайта көріспейтін жағдайда да, тілек ретінде де тілдік қолданыста және тілді үйренуші өзге ұлт өкілдерінің сауалдары да осы жайында туындап жатады. Бұл тұста кеңінен қолданылу ерекшеліктеріне, айырмашылықтарына және лексикасына да, этимологиясына да, тоқталудың қажеттілігі зор деп білеміз.

Жаһандану үдерісіне сай орыс тілінде де, қазақ тілінде де қазіргі кезде көптеп өзгерістер ене бастады. Қазақстан телеарналарында орыс тілді былай қойғанда түрік, корей және өзге елдердің телесериалдары көптеп берілуіне байланысты, «Қош көрдік», «Мераба», «Ни хао» одан қалса, «Хай» секілді сәлемдесу үлгілері қоғамымызда кеңінен қолданысқа еніп жатыр. Телебағдарламалар да өз әсерін тигізуде. Мысал келтірер болсақ, орыс тіліндегі «Добрый вечер» сәлемдесу/қоштасу үлгісі ретінде «Добрый вечер»

бағдарламасының экранда жарық көруінен соң қолданысқа иеленген. Сол секілді, қос тілде күн мезгіліне сай «Қайырлы күн» - «Добрый день», «Қайырлы таң» – «Доброе утро», «Қайырлы кеш» - «Добрый вечер» сәлемдесу/қоштасуда жиі пайдаланылады.